

**"Әскери мүліктің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2001 жылғы 7 тамыздағы № 1039 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 тамыздағы  
№ 637 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.08.2019 № 637 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әскери мүліктің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2001 жылғы 7 тамыздағы № 1039 қаулысына мынадай өзгерістер  
енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери мүлік айналымының жекелеген мәселелері";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)" республикалық  
мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге  
асыратын уәкілетті ұйым болып белгіленсін:".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*